

«2017 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы» ақпарат

Облыстық бюджет кірістер бойынша жыл ағымында 4 рет ұлғайту жағына қарай, республикалық трансферттерді есептеусіз 330,0 млн.теңгеге нақтыланды және 172 млрд. 710,9 млн.теңгені құрап, 174 млрд. 087,5 млн.теңгеге, немесе 100,8 % (+1 млрд. 376,7 млн.теңге) атқарылды.

Кірістердің атқарылуы негізінен 37 млрд. 027,0 млн.теңге (24,3%) салықтық төлемдердің, 3 млрд. 206,0 млн.теңге (2,1%) салықтық емес төлемдердің түсуімен, негізгі капиталды сатудан түскен 7,3 млн.теңге (0,1%) және 111 млрд. 844,0 млн.теңге (73,5%) трансферттер есебінен қамтамасыз етілді.

Салықтық түсімдер бойынша 2017 жылғы облыстық бюджеттің жоспары 102,2% атқарылды немесе асыра орындалуы 782,0 млн.теңгені құрады.

Салықтық емес түсімдер бойынша жоспар 560,0 млн.теңгеге асыра орындалды немесе орындалу пайызы 121,1% құрады.

Негізгі капиталды сатудан 7,3 млн.теңге түсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,1 % артық.

Жалпы облыстық бюджет бойынша кірістердің барлық болжамдық көрсеткіштері орындалды.

Егерде бюджеттің шығыс бөлігіне ауысатын болсақ, нақты шығындар 172 млрд. 703,0 млн.теңгені немесе 100,0% құрады.

Республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер 54 млрд. 154,1 млн. теңге.

2017 жылы жете пайдаланылмаған республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер 64,7 тыс.теңге толығымен РБ қайтарылды.

Бюджеттік кредиттеу көлемі 19 млрд. 578,0 млн.теңгені құрады.

Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттар толық көлемде 100% игерілді.

Функционалдық топтар бөлінісінде шығындардың орындалуы мынадай кейіпте көрінеді:

1 «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» функционалдық тобы бойынша 1 млрд. 891,7 млн.теңге, 100,0 %.

Қаражаттар аударымдарымен еңбекақыны төлеуге – 851,2 млн.теңге, іссапарлар және қызметтік жүріп-тұруларға – 58,3 млн.теңге (ел ішінде – 53,0 млн.теңге, ел шегінен тыс жерлерге – 5,3 млн.теңге), байланыс қызметін төлеуге – 71,3 млн. теңге, көліктік қызмет көрсетуге – 4,3 млн.теңге, жанармай және ЖЖМ сатып алуға – 36,8 млн.теңге, қосалқы бөлшектерді сатып алуға – 50,2 млн.теңге, коммуналдық қызметтерді төлеуге – 45,2 млн.теңге, «Ақтөбе облыстық әкімдікте және оның құрылымдық бөлімшелерінде электрондық құжатайналым жүйесі» атауымен ЭЕМ бағдарламасын сүйемелдеу бойынша қызметтерге, өңдеу және оңтайландыруға – 42,2 млн.теңге, ЭЕМ бағдарламасын сүйемелдеу бойынша қызметтерге – 36,2 млн.теңге, «Электрондық үкімет» шлюзінің ішкі жүйесі ретінде, аймақтық шлюз» қолданбалы жасақтаманы сүйемелдеу бойынша қызметтерге, ММИП – 32,7 млн.теңге, машиналарды, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар сатып алуға – 6,4 млн.теңге, бейнеконференция-байланыстың бағдарламалық-аппараттық кешеніне қызмет көрсету бойынша қызметтерге – 17,9 млн.теңге, басқа қызметтер мен жұмыстарды төлеуге (кабелдік ТД, күзет сигнализациясы, лифтілерге тех. қызмет көрсетуге, автокөліктік қызметтерге, веб-сайтты әзірлеуге, кезеңдік қызметтерге жазылуға, кондиционерлерге тех. қызмет көрсетуге, есептеуіш техникаларға қызмет көрсетуге) – 169,6 млн.теңге, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызметтерге қосымша төлеуге – 7,7 млн.теңге, үй-жайды жалдау төлеміне – 4,5 млн.теңге жұмсалды.

Күрделі шығындарға 97,2 млн.теңге бөлінді және игерілді, шығындар:

жиынтықта компьютерлер сатып алуға – 1,7 млн.теңге, ноутбуктер және моноблоктарға – 1,2 млн.теңге, компьютерлер, кеңселік жабдықтар (жүйелік блоктар, моноблок, мониторлар, принтерлер, факстер, КАҚ, үздіксіз қуат беру көздері) – 8,4 млн.теңге, лицензиялық бағдарламалық өнімдер, вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз етуге – 1,3 млн.теңге, 3 бірлік кондиционерлерге – 0,2 млн.теңге, жихаз сатып алуға 0,7 млн.теңге, машиналарды, жабдықтарды, құралдарды, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар сатып алуға - 8,5 млн.теңге, гаражды күрделі жөндеуге – 30,8 млн.теңге, жеңіл автомобиль сатып алуға (Hyundai Santa Fe)– 3,6 млн.теңге жұмсалды.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізуге **12,8 млн.теңге** немесе 99,6% бөлінді және игерілді.

Сонымен қатар, өрт пункттерін ашуға **10,9 млн.тенге** нысаналы ағымды трансферттер мына аудандарға: Ырғыз, Қобда, Мәртөк, Мұғалжар аудандарына 1,9 млн.теңгеден әрбіріне және Ойыл ауданына – 3,3 млн.теңге қаралды немесе 100% игерілді.

2 «Қорғаныс» функционалдық тобы бойынша 203,4 млн.теңге бөлінді және игерілді.

Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шараларға **11,8 млн.тенге** бөлінді, қаражаттар дәрі-дәрмектерді, кеңсе тауарларын, жуғыш және дезинфекциялау құралдарын сатып алуға, байланыс қызметтеріне және пошта шығындарына, көлік қызметтеріне, әскерге шақырылушыларды тамақтандыруға, әскерге шақырылушылар пункттерін жарақтандыру үшін шаруашылық құрал-саймандарын сатып алуға және басқа шығындарға жұмсалды.

Облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысты даярлауға **37,2 млн.теңге** бөлінді және игерілді, **соның ішінде:** аударымдарымен жалақыны төлеуге - **22,5 млн.тенге**, Аумақтық қорғаныс бригадасының қорын толықтыру үшін заттай мүліктер сатып алуға, жанармай және жанар-жағармай материалдарын сатып алуға, коммуналдық шығындарға, машиналарды, жабдықтарды және құрал-саймандарды сатып алуға және басқа шығындарға – **14,7 млн.теңге** жұмсалды.

Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыруға **37,7 млн.теңге** бөлініп, өзге қорларды сатып алуға, көліктік қызметтерді төлеуге, жұмылдыру резервін сақтау үшін қоймалық үй-жайды жалдауға, материалдық резервті сатып алуға, жеке қорғаныс құралдарын пайдаға асыру қызметтеріне жұмсалды.

Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюға **27,0 млн.теңге** бөлініп, қаражаттар гидрометеорология қызметтерін көрсетуге және қоршаған орта мониторингісіне – **4,8 млн.теңге**, әуе кемелерінің ұшу қызметтеріне – **19,6 млн.теңге**, төтенше жағдайларды ғарыштық мониторингілеу қызметтеріне – **2,5 млн.теңге** жұмсалды.

«Ақтөбе облысының ТЖД» ММ аумақтық органының күрделі шығындарына **79,8 млн.тенге** бөлініп, қаражаттар Лада 21214 жеңіл көлігін, «Трэкол» жол талғамайтын-батпақта жүретін

машина, жиынтықты компьютерлердің 19 данасын, тыңдауышы бар телефон аппаратын, орг техника сатып алуға жұмсалды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша іс-шараларға **6,1 млн.теңге** бөлініп, қаражаттар аудиороликтерді трансляциялауға, ғарыштық мониторингке, мақалаларды газеттерде жариялауға, жадынамалар және баннерлер дайындауға жұмсалды.

3 «Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі» функционалдық тобы бойынша 8 млрд. 235,9 млн.теңге немесе 100% орындалды.

Қаралған қаражаттардан облыстың ІІД бойынша - **8 220 млн.теңге бөлінді немесе 99,9 % игерілді**, соның ішінде аударымдарымен еңбекақыны төлеуге – **3 241,4 млн.теңге**, іссапарлар және қызметтік жүріп-тұруларға – **132,4 млн.теңге**, заттай мүліктерді сатып алуға, тігуге және жөндеуге - **124,7 млн.теңге**, жанармай және ЖЖМ сатып алуға – **245,3 млн.теңге**, өзге қорларды сатып алуға – **91,3 млн.теңге**, коммуналдық қызметтерді төлеуге – **179,6 млн.теңге**, байланыс қызметін төлеуге – **86,8 млн.теңге**, басқа қызметтер мен жұмыстарға – **349,8 млн.теңге**, жеке тұлғаларға трансферттер – **79,8 млн.теңге**, арнайы уақытша қабылдау мекемесінде тұратын тұлғалар үшін азық-түлік өнімдерін сатып алуға – **34,3 млн.теңге**, басқа қызметтер мен жұмыстарды төлеуге – **81,2 млн.теңге**.

Ақпараттық жүйелер құруға – **31,9 млн.теңге** бөлініп, қаражаттар АБК (Оперативті басқару орталығының аппараттық-бағдарламалық кешенін) құру бойынша жобалық-сметалық құжаттама дайындауға және облыстың құқық қорғау органдарының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жұмсалды.

Күрделі шығындарға жергілікті бюджет қаражаттары еебінен **3 млрд. 550,2 млн.теңге** (99,9%), соның ішінде: көлік құралдарын сатып алуға – **986,9 млн.теңге**, машиналарды, жабдықтарды, құралдарды, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандарын сатып алуға – **1 млрд. 947,9 млн.теңге**, Байғанин АІІБ шатырын және үй-жайын күрделі жөндеуге – **244,7 млн.теңге** бөлінді.

Республикалық бюджеттен 288,0 млн. теңге, соның ішінде:

- ЕХРО-2017 халықаралық маңыздағы шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге **54,7 млн.теңге**;

- ішкі істер органдары қызметшілерінің лауазымдық жалақыларын көтеруге – **205,8 млн.теңге** (облыстың ішкі істер органдары қызметшілері 1809 бірлік санында).

4 «Білім» функционалдық тобы бойынша 36 млрд. 439,6 млн.теңге қаражаттар қаралды (100%).

Қаражаттар:

Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беруге **959,1 млн.теңге.**

Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беруге **598,4 млн.теңге.**

Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізуге **284,9 млн. теңге.**

Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуге **304,6 млн.теңге.**

Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеуге **105,1 млн.теңге.**

Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз етуге **292,3 млн.теңге.**

Білім саласының материалдық-техникалық базасын нығайтуға **377,8 млн.теңге** жұмсалды.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлауға 2017 жылы жергілікті бюджеттен **5 млрд. 327,7 млн. теңге** бөлінді және игерілді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында *11 789 адам* **1 млрд. 758,6 млн.теңгеге** оқыды.

Осымен бірге, 4 353 басқа қалалық студенттерге жеңілдікті жол жүруге **39,5 млн.тенге**, 272 жетім балаларды *тамақтандыруға 215,6 млн.тенге* бөлінді.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлаудан 1 519 оқушылар **277,8 млн.теңгеге** оқыды.

Білім беру объектілерін күрделі жөндеуге 6 объектілер бойынша 183,4 млн.теңге бөлінді.

Облыстық бюджеттен **7 млрд. 047,2 млн.теңге** нысаналы ағымды трансферттер қаралды немесе (100%) игерілді, соның ішінде:

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға **3 млрд. 188,5 млн.теңге**.

15 орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге **1 млрд. 706,3 млн.теңге**.

Жалпы білім беретін мектептерді техникалық инфрақұрылыммен жарақтандыруға **250,9 млн.теңге**.

Компьютерлік техниканы жаңартуға **284,5 млн.теңге**.

Ақтөбе қаласындағы Оқушылар сарайы үшін жабдықтар сатып алуға **350,0 млн.тенге** бөлінді.

Ақтөбе қаласы бойынша 21 білім беру объектілерінің ағымдағы жөнделуіне **123,3 млн.тенге** бөлінді.

Роботты техника бойынша элективті курс үшін жабдықтар сатып алуға **70,7 млн.тенге** бөлінді.

Байғанин, Қарғалы және Шалқар аудандары бойынша химия және биология кабинеттерін сатып алуға **11,9 млн.тенге** бөлінді.

Ырғыз ауданының АКШИ мектебін материалдық-техникалық жарақтандыруға **26,9 млн.тенге** бөлінді.

16 білім беру объектілеріне күрделі жөндеу жүргізуге **472,0 млн.теңге** бөлінді.

Ақтөбе қаласының «Шапағат» жазғы еңбек және демалысы лагерін қаржыландыруға **4,0 млн.тенге** бөлінді.

Ақтөбе қаласының Өнер академиясын ұстауға **22,1 млн.теңге** бөлінді.

Ақтөбе қаласы бойынша оқулықтар сатып алуға **140,0 млн.тенге** бөлінді.

«Шалқар ауданының Шалқар қ. № 5 ОМ» КММ «Үздік орта білім беретін ұйымға» **19,6 млн.тенге**.

Ақтөбе қаласы бойынша жаңа ашылған 5 жалпы білім беретін мектептерді ұстауға **146,6 млн.тенге** бөлінді.

Осыдан басқа, республикалық бюджеттен нысаналы ағымды трансферттер:

- *негізгі қызметші оқуда болған кезде орнын ауыстырғаны үшін мұғалімдерге қосымша төлемге* **85,0 млн.тенге**.

- *тілдік курстар бойынша тағлымдамадан өткен 5 мұғалімдерге (химия, биология, физика және информатика) қосымша ақы төлеуге* **0,9 млн.тенге** қаралды.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялауға» **261,6 млн.тенге** бөлініп, Мәртөк ауданында үш балалар бақшаларын (Родниковка, Қаратоғай, Жайсаң) газдандыруға және Темір ауданында Кенқияқ орта мектебінің ғимаратын 250 орынды бала бақша етіп реконструкциялау аяқталды.

Ұлттық қордан мектептер құрылысына **13 865,8 млн.теңге** қаражаттар бөлініп, 19 мектептің құрылысы жоспарланды, оның ішінде 11 мектептер 2017 жылы пайдалануға берілді, қалған 8 мектеп 2018 жылға ауысты.

Сондай-ақ, республикалық бюджеттен **1 708,0 млн.теңге** қаражаттар 8 мектептің құрылысын бастауға бөлінді, соның ішінде Ақтөбе қаласында 6 мектеп, Мәртөкте және Хромтау ауданының Хромтау қ. 22 квартал мөлтек ауданында бір-бірден салуға бөлінді.

27 ЖСҚ әзірлеуге облыстық бюджеттен **242,2 млн.тенге** бөлінді, оның 24-і бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, қалған 3 жоба 2018 жылға ауыстырылды.

5 «Денсаулық сақтау» функционалдық тобы бойынша 19 млрд. 281,5 млн.теңге (100%) қаражаттар қаралды.

Қаражаттар:

Аударымдарымен жалақыны төлеуге – **3 050,8 млн.теңге**, азық-түлік өнімдерін сатып алуға – **250,3 млн.теңге**, дәрі-дәрмектерді сатып алуға – **5 846,5 млн.теңге**, коммуналдық қызметтерге – **179,8 млн.теңге**, шәкіртақыны төлеуге – **143,2 млн.теңге**, машиналар, жабдықтар, құралдар сатып алуға, медициналық мекемелердің материалдық-техникалық азасын нығайтуға – **2 329,5 млн.теңге**, мемлекеттік-жеке серіктестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттерді орындауға – **533,0 млн.теңге**, басқа жұмыстар мен қызметтер төлеміне – **3 763,0 млн.теңге** жұмсалды.

Халықты иммунитеттеуге **1 млрд. 363,7 млн.тенге (100%)** бөлініп, 275 162 тұлғалар вакциналанды.

Заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланумен, мінез-құлықтық қауіп факторларының (темекі шегу, алкоголь, психикалық белсенді заттар қолдану, мінез-құлықтың қауіпті формалары, дене қимылдығының төмендігі) алдын алу бойынша ақпараттық жұмыстарға **173,7 млн. тенге** қаралды.

Ұлттық скринингтік бағдарламаны одан әрі дамытуға, оны мониорингілеуге және тиімділігін бағалауға **230,7 млн. тенге**

қаралды.

ТМҚКК шеңберінде ҚР халқын дәрі-дәрмек препараттарымен қамтамасыз етуге, дәрі-дәрмек құралдарының тізімін және нозологияны кеңейтуді қоса алғанда, соның ішінде дәрі-дәрмекпен амбулаториялық қамтамасыз ету шеңберінде **3 723,9 млн.тенге** бөлінді.

*Ретровирусқа қарсы препараттармен (АИТВ инфекциясын емдеуге)- 145 адам **63,2 млн.тенгеге** қамтамасыз етілді;*

*В және С вирусты гепатитпен ауыратын 41 тұрғын вирусқа қарсы препараттармен **54,2 млн. тенгеге** қамтамасыз етілді;*

*Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен 103 496 тұрғындар **1 724,3 млн.тенгеге** қамтамасыз етілді.*

*Туберкулезге қарсы препараттармен 1 103 тұрғындар **451,1 млн.тенгеге** қамтамасыз етілді.*

*Диабетке қарсы препараттармен (инсулин және бақылау құралдарымен) 12 700 адам **328,7 млн.тенгеге** қамтамасыз етілді.*

*Гематологиялық аурулармен ауыратын ересек науқастар 90 адам химиялық препараттармен **183,1 млн.теңгеге** қамтамасыз етілді.*

*Аутоиммунды аурулармен ауыратын және иммунитеті жеткіліксіз жағдайдағы науқастар 91 пациентке **153,1 млн.теңгеге** дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етілді, реналдық анемиямен ауыратын 57 адам **21,8 млн.теңгеге** дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етілді, бытыраңқы берішпен ауыратын 43 адам **142 млн. теңгеге** дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етілді, муковисцидозбен ауыратын 4 адам **20,5 млн. теңгеге** дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етілді, ағзаларды және тіндерді ауыстырғаннан кейін ауыратын 70 адам **168,8 млн. теңгеге** дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етілді, өршіген гломерулярлық аурулармен ауыратын 37 адам **9 млн. теңгеге** дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етілді;*

*18 гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды қанның ұюы факторларымен, 14 гемофилиямен ауыратын балалар және жасөспірімдерді қанның ұюы факторларымен **220,2 млн.тенгеге** қамтамасыз етілді;*

*136 жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен **39,7 млн. тенгеге** қамтамасыз етілді;*

«Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялауға»

жоспарланған **4 469,4 млн.тенгеден 4 466,3 млн.тенге** немесе 99,9% игерілді, соның ішінде:

- **республикалық бюджет қаражаттары есебінен 4 246,0 млн.тенге**, қаражаттар Ақтөбе қ. 300 төсектік облыстық туберкулезге қарсы диспансердің құрылысын жалғастыруға **1 115,5 млн.теңге**, сондай-ақ Ақтөбе қаласында кешеннің қосалқы үй-жайларымен бір ауысымға 150 адам қабылдайтын кеңес беру-диагностикалық бөлімшесімен 200 төсектік перинаталдық орталықтың құрылысын бастауға **3 130,5 млн.теңге**;

- **облыстық бюджет қаражаттары есебінен жоспарланған 223,4 млн.теңгеден 220,3 млн.теңге (98,6%)** игерілді, осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде 2 орталық аудандық ауруханаларды, сондай-ақ Әйтеке би және Қобда аудандарында 2 дәрігерлік амбулаторияларды газдандыру салынды, Ақтөбе қ. облыстық клиникалық балалар ауруханасында шаруашылық блок (гараж), Ақтөбе қ. Ақтөбе облыстық кеңес беру-диагностикалық орталығындағы жылжымалы мобилді кешендер үшін ангар, Ақтөбе қ. қалалық емханалардың бөлімшелері арасында өтпе жолдар салынды.

6 «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету» функционалдық тобы бойынша 3 млрд. 453,8 млн.теңге қаралды, немесе 100,0% игерілді.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бойынша «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыру» бағдарламасына **983,2 млн.теңге**, соның ішінде: республикалық бюджеттен – **491,4 млн.теңге**, және жергілікті бюджеттен – **491,8 млн.теңге**:

- жалақыны ішінара субсидиялауға **160,9 млн.теңге**.

- 1626 адамға жастар практикасын ұйымдастыруға 412,0 млн.теңге.

Жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер және дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға **364,3 млн.теңге** қаралды.

«Қарттар және мүгедектерге арналған интернат-үйі» ММ екі интернат үйлерін ұстауға **288,3 млн.теңге** және «Психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге» **404,8 млн.теңге**

қаралды.

Мүгедектерді әлеуметтік қолдауға **463,3 млн.теңге**, соның ішінде:

«Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді және мүгедек-балаларды санаторлық-курорттық емдеуді қамтамасыз етуге» **120,0 млн. теңге**, асқорыту органдарының, тыныс алу органдарының ауруларын, бүйрек ауруларын, несеп-жыныстық ауруларды және гинекологиялық ауруларды емдеуге – 650 адам, жүйке жүйесі, қимыл-тірек аппараты және сүйек-бұлшықет жүйесі ауруларын емдеуге – 500 адам және жүрек-қан тамырлары жүйесі, эндокриндік жүйе аурулары, тамақтанудың бұзылуы және зат алмасудың бұзылуы бойынша - 650 адам емделді.

«Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді техникалық көмекші құралдармен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге» **247,6 млн.теңге**, соның ішінде:

- 745 мүгедектерге кресла – арбалар алуға **63,3 млн.теңге**;
- 1253 мүгедектерге көмекші техника алуға - **10,4 млн.теңге**;
- 631 мүгедектерге тифлотехника алуға - **137,3 млн.теңге**;
- 496 мүгедектерге сурдотехника алуға- **36,0 млн.теңге**.

738 мүгедектерді протезді-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз етуге – **95,7 млн.теңге**.

«Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттің трансферттері есебінен – **55,3 млн.теңге** бөлінді, соның ішінде:

- *жартылай стационар жағдайында және үйде қызмет көрсету жағдайында қарттар және мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге 303 мүгедектерге 40,9 млн. теңге;*

- *адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге 10 мүгедектерге 3,9 млн. теңге;*

- *тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге 20 мүгедектерге 10,5 млн. теңге бөлінді және игерілді.*

Жергілікті өкілдік органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек төлеуге **300,0 млн.теңге**, «Жасыл ел» отрядтарына ЖҚО арқылы 3 841 адам жұмысқа орналастырылды.

Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмірінің сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын іске

асыруға республикалық бюджеттен – **226,3 млн.теңге** бөлінді, соның ішінде:

- 2 406 мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға **140,8 млн.теңге**;

- 4 автосы бар «Инватакси» 1 қызметін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға – **5,5 млн.теңге**;

- 69 мүгедектерге ыммен тілдесу маманының қызметін көрсетуге бөлінген **7,6 млн.теңге игерілді**;

- 2711 мүгедектердің техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарының тізімін көбейтуге **54,9 млн.теңге**;

- «Қазақстан Ақтөбе» арнасы бойынша жаңалық телехабарын трансляциялауды сурдоаудармамен жүргізуді қамтамасыз етуге **17,5 млн.теңге** бөлінді және игерілді.

«Өрлеу» жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен – **48,8 млн.теңге**, соның ішінде:

- 882 адам санында отбасыларға келісілген қаржылай көмекті төлеуге **20,4 млн. теңге**;

- әлеуметтік жұмыстар бойынша 35 көмекшілердің және 8 кеңес берушілердің қызметтерін төлеуге **28,4 млн.теңге** қаралды.

Кохлеарлық импланттарға 15 сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау қызметтеріне республикалық бюджеттен **53,8 млн.теңге**, соның ішінде:

- 11 балаларға **39,5 млн.теңге**;

- 4 ересек адамдарға **14,3 млн.теңге** бөлінді.

7 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы» функционалдық тобы бойынша 20 млрд. 772,1 млн.теңге бөлінді және игерілді, немесе 100,0%.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға Ұлттық қордан **520,0 млн.теңге** бөлініп, Ақтөбе қаласының «Ақбұлақ» АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға жұмсалды.

Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін салуды, реконструкциялауды жобалауға **3 612,8 млн.теңге**, соның ішінде:

- облыстық бюджет қаражаттары есебінен **2 062,9 млн.теңге** аудандарда және Ақтөбе қ. тұрғын үй салуға және реконструкциялауға бөлінді.

Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін салуға, реконструкциялауға Ұлттық қордан тұрғындардың әлеуметтік осал жіктері үшін (жетім балалар, 1 және 2 топтағы мүгедектер) жалдамалы-коммуналдық және тұрғын үйлердің 5 объектілерін **1 549,9 млн.теңгеге** (жалпы алаңы 16,9 мың.ш.м немесе 300 пәтер) салу жоспарланып, олар толық көлемде игерілді.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға бөлінген **9 972,1 млн.теңге** толығымен немесе 100% игерілді, соның ішінде:

- *областық бюджет қаражаттары есебінен 2 455,3 млн.теңге;*
- *республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен 1 525,2 млн.теңге;*
- *ҚР Ұлттық қорынан бөлінген трансферттер есебінен 5 991,5 млн.теңге қаражаттар қаралды.*

Ақтөбе қ. Маресьев көшесі бойындағы еңбек жастары үшін, жалпы алаңы 4 075,72 мың.ш.м. болатын 5 қабатты аз отбасылардың жатақханасының құрылысы - **57,4 млн.теңгеге** аяқталды.

Елді мекендерді газдандыру үшін облыстық бюджеттен **432,5 млн.теңге** бөлініп, *Қарғалы, Мәртөк, Шалқар аудандарында 4 кентішілік және газ тарату желілерінің құрылысы аяқталды.*

- *8 жобалық-сметалық құжаттама әзірленді және жеткізуші және кентішілік газ құбырларының құрылысына 9 ЖСҚ әзірлеу жалғасуда.*

Ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға **3 388,1 млн.теңге**, соның ішінде:

- *облыстық бюджет қаражаттары есебінен 1 151,0 млн.теңге бөлінді;*
- *республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен 2 237,1 млн.теңге бөлінді.*

«Жергілікті бюджеттерден нысаналы ағымды трансферттер» **1 336,7 млн.теңге**, *көше жарықтарын күрделі және ағымды жөндеуге, аулалық аумақтарды абаттандыруға жұмсалды.*

«Жергілікті бюджеттерден нысаналы даму трансферттер» бойынша **404,0 млн.теңге** бөлінді және игерілді, *Ақтөбе қаласының коммуналдық шаруашылығы жобалары бойынша сараптама жүргізуге жұмсалды.*

Аудандар бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері қалаларды және елді мекендерді абаттандыруды дамытуға

339,2 млн.теңге бөлініп, на благоустройство и озеленение территорий в мкр Нұр-Ақтөбе мөлтек ауданында аумақты абаттандыруға және көгалдандыруға жұмсалды.

Коммуналдық шаруашылықты дамытуға **348,6 млн.тенге бөлініп**, Хромтау ауданы Бөгетсай селосында Адайбеков көшесіндегі Бөгетсай селолық округ әкімдігінің әкімшілік ғимаратының құрылысы, Мәртөк ауданы Мәртөк селосындағы әкімшілік ғимараттың құрылысы аяқталды, Әйтеке би ауданы Комсомол селосындағы әкімшілік ғимараттың құрылысына мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды.

8 «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік функционалдық тобы бойынша 7 млрд. 477,0 млн.теңге.

Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының 39 ведомствоға қарасты мекемелері және кәсіпорындарын қаржыландыру үшін облыстық бюджеттен **2 122, 3 млн.теңге бөлінді**, соның ішінде:

«Мәдени-демалыс жұмысын қолдауға» **115,4 млн.теңге.**

«Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз етуге» **311,6 млн.теңге.**

«Театр және музыка өнерін қолдау» бойынша «Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармония» МКҚК қаржыландыруға **796, 4 млн.теңге** немесе 100%.

«Облыстық кітапханалардың қызмет етуін қамтамасыз ету» бойынша 4 облыстық кітапханаларды қаржыландыруға **170,5 млн.теңге.**

«Мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз етуге» **107,8 млн.теңге.**

«Ведомствоға қарасты мемлекеттік мекемелер және ұйымдардың күрделі шығындары» бойынша **366,2 млн.теңге** бөлінді және игерілді, соның ішінде:

Сатып алынды: облыстық кітапханалар үшін әдебиет 13, 6 млн. теңге, автокөлік (1 автобус және 2 жеңіл автомобилдер) – 23, 6 млн.теңге; «Өнерорталығы» ғимаратын жарақтандыруға: 1200 дана санында театр креслолары – 43,9 млн.теңге; ЛЭД экран – 102,0 млн.теңге, сахналық костюмдер - 19,5 млн.теңге, музыкалық аппаратура, аспаптар – 49, 6 млн.теңге, жихаз – 17,6 млн.теңге және басқа негізгі құралдар – 89, 8 млн.теңге.

«Жергілікті бюджеттерден нысаналы ағымды трансферттер есебінен» **191,0 млн.тенге бөлінді**, немесе

100,0% игерілді, соның ішінде: *Ақтөбе қ. Қарғалы с/о «Геолог» қалалық мәдениет үйін – 76, 8 млн.теңгеге; Алға ауданы Бестамақ с. мәдениет үйін – 106,2 млн.теңгеге күрделі жөндеу және Темір ауданы Алтықарасу с. мәдениет үйін – 8,0 млн.теңге ағымды жөндеу жүргізілді.*

Сондай-ақ, аккредиттелген республикалық федерациялармен бірлесіп ардагер-спортшылар арасында, ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлері, жаппай спорт бойынша облыстық деңгейде спорттық жарыстар **86,7 млн.теңгеге өткізілді.**

«Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуына» **3 188,1 млн. теңге.**

«Спорт бойынша балалар және жасөспірімдер үшін қосымша білім беру» бойынша, 8 556 оқушылар контингентімен, 16 мектептерді ұстауға **1 612,8 млн.теңге** бөлінді.

«Спортта дарынды балаларды жалпы білім берумен оқытуға» **268, 7 млн.теңге.**

«Жергілікті бюджеттен ағымды трансферттер» бойынша 3 спорт ұйымдарын ұстауға **53,7 млн.теңге бөлінді.**

Мәдениет объектілерін дамытуға **255,8 млн.теңге** бөлініп, *Алға ауданында мәдениет үйін, Қарғалы және Мәртөк аудандарында ауылдық клубтарды салу және реконструкциялау аяқталды, Абат Байтақ кесенесінің және Шырақшы үйінің аумағы абаттандырылды, сондай-ақ Қобда ауданында Қобыланды батыр мемориалдық кешені реконструкцияланды, Әйтеке би ауданында әкімшілік ғимарат газ жабдығын орнатумен газдандырылды, ЖСҚ 11 жобасы бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.*

Спорт объектілерін дамытуға **673,3 млн.теңге**, *Ақтөбе қ. хоккей модулінің құрылысы аяқталды.*

9 «Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану» функционалдық тобы бойынша 2 млрд. 593,5 млн.теңге, немесе 100,0 %.

Ақтөбе қ. 3 объектілердің жылу энергетика жүйесін дамытуға республикалық бюджеттен **1 300,0 млн.теңге,**

Газ көліктік жүйені дамытуға **591,3 млн.теңге**, *Қарғалы және Шалқар аудандарында жеткізуші газ құбырларының құрылысы*

пайдалануға тапсырылды. Сондай-ақ, Әйтеке би ауданы Аралтөбе с. жеткізуші газ құбырларының құрылысы жалғасуда.

Газ көліктік жүйені дамытуға **340,0 млн.теңге**, Ақтөбе қ., Алға және Мұғалжар аудандарында газбен жабдықтау желілерінің құрылысына бөлінді.

10 «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобы бойынша 11 млрд. 437,2 млн.теңге, немесе 100,0 %.

Осы бағдарлама бойынша бюджеттік қаражаттар мынадай кейіпте бөлінген:

- тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға **272,4 млн.теңге** – 71 субъектілер субсидия алды;

- өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялауға жалпы сомасы **592,5 млн.теңге**;

- мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға **5 млрд. 741,0 млн.теңге**;

- **2 млрд. 238,0 млн.теңге** инвестиция тартылып, аграрлық өнеркәсіптік кешен субъектісімен келтірілген шыындардың бөлігін өтеуге жұмсалды, инвестициялық салымдар кезінде 377 жобалар , соның ішінде шаруашылық қожалықтары - 242, ауыл шаруашылығы кооперативтері – 9, СПК-67, ЖШС-54, АҚ-1, жеке кәсіпкерлер – 3 және фермалық шаруашылықтар - 1 субсидияланды, инвестициялық субсидиялар есебінен тартылған инвестициялар көлемі **7 млрд. 975,7 млн. теңгені** құрады.

- ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға **632,4 млн.теңге**.

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандатуға **310,7 млн.теңге** бөлінді.

Кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ету үшін бюджеттік кредиттер беруге **2 млрд. 291,0 млн.теңге** қаралды.

Микрокредиттер бойынша ішінара кепілдендіруге **20,7 млн.теңге** қаралды.

Микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялауға **70,0 млн.теңге**.

Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге **150,1 млн.теңге**;

Ауыл шаруашылықдақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шараларға **29,9 млн.теңге**;

Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтауға **20,0 млн.теңге**;

Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге **12,9 млн.теңге** бөлінді және игерілді.

Бруцеллезбен ауыратын, санитарлық союға бағытталған, ауыл шаруашылығы малдарының (ірі қара және ұсақ малдар) құнын өтеуге (30% дейін) **66,8 млн. теңге**.

Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бойынша **995,3 млн.теңге қаралды**.

Ақтөбе облысы бойынша орман шаруашылығын ұстауға 380 штаттық саны кезінде (Ақтөбе орман шаруашылығы – 100, Ұлы Борсық орман шаруашылығы – 46, Қарабұтақ орман шаруашылығы – 58, Мәртөк орман шаруашылығы – 36, Темір орман шаруашылығы – 51, Ойыл орман шаруашылығы – 49, Қобда орман шаруашылығы – 40) **395,9 млн.теңге** қаралды.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларға **65,9 млн.теңге** бөлінді немесе 99,9% игерілді.

Ведомствалық бағынысты мекемелердің күрделі шығындарына **93,1 млн.теңге**, көлік құралдарын сатып алуға (Ақтөбе орман шаруашылығына 2 трактор 13,3 млн.теңгеге, Ұлы Борсық орман шаруашылығына – 1 трактор 8,9 млн. теңгеге, Қарабұтақ орман шаруашылығына 1 прицеп 1,5 млн.теңгеге, Темір орман шаруашылығына 1 трактор 6,6 млн.теңгеге, Ойыл орман шаруашылығына 1 трактор 6,1 млн. теңгеге), сондай-ақ;

- Ақтөбе орман шаруашылығы бойынша – **28,3 млн.теңге** (тұқым сепкіш, орман ағаштарын отырғызғыш, су сорабы, соқа, қазғыш қапсырма, қопсытқыш 2 дана, бензинді ара 14 дана, рация, навигатор,);

- Ұлы Борсық орман шаруашылығы бойынша – **1,5 млн.теңге** (мобилдік рация, навигатор, бензинді ара, мотопомпа);

- Мәртөк орман шаруашылығы бойынша – **0,2 млн. теңге** (навигатор 2 дана, рация 2 дана, бензинді ара 1 дана);

- Қарабұтақ орман шаруашылығы бойынша – **9,5 млн.теңге** (соқа, сорап, тамшылатып суару жүйесі, навигатор, рация, бензинді ара, КУН, қопсытқыш, кондиционер, АОГВ қуаты 12,5 Квт);

- Темір орман шаруашылығы бойынша – **6,3 млн.теңге** (рация - 4 дана, дискілі соқа ПД-2,5, айналмалы соқа, бензинді ара - 3 дана. принтер 2 дана, автожуу, кондиционер, 3 корпусты аспалы соқа);

- Ойыл орман шаруашылығы бойынша – **10,4 млн.теңге** (бензинді ара 7 дана, қопсытқыш, 3 корпусты аспалы соқа, БДТ соқа, дәнекерлеу агрегаты, рация, навигатор, мотопомпа).

«Актюбводпроект» ЖШС Шалқар өзенінің түбін тазалау жоабсының ТЭН әзірлеуге **25,6 млн.теңге**, «Мемсараптама» ЖШС кешендік ведомствадан тыс сараптама жүргізуіне **10,8 млн.теңге** бөлінді.

Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізуге **336,7 млн.теңге**.

Ауыл шаруашылығы объектілерін дамытуға **91,1 млн.теңге**, суармалы сумен жабдықтау объектілерін салу, жайылма суаруды реконструкциялау бойынша мемсараптаманы алуға жұмсалды.

11«Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» функционалдық тобы бойынша 708,0 млн.теңге бөлінді және игерілді.

12 «Көлік и коммуникация» функционалдық тобы бойынша 12 млрд. 368,8 млн.теңге бөлінді және игерілді, немесе 100,0 %.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға бөлінген **4 164,1 млн.теңге**, «Ақтөбе-Орск» автомобиль жолының Ақтөбе қ. 0-8 шақырым уч. реконструкциялауға, Ақтөбе қ. «Оңтүстік айналым» автомобиль жолының 0-21,5 шақырым уч. реконструкциялауға, Ақтөбе қ. АФЗ ауданында 312 атқыштар дивизиясы даңғылы бойынша өтпе жол салуға жұмсалды.

Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге **741,1 млн.теңге**, облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын ұстауға және ағымды жөндеуге бағытталды.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға бөлінген **908,6 млн.теңге**, Ақтөбе қ. автомобиль жолдарын салуға, Хромтау қ. автомобиль жолдарын реконструкциялауға, Хромтау ауданы Қопа с. кіреберісінде Ойсылқара өзені арқылы көпір жолын салуға жұмсалды.

Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге **2 237,7 млн.теңге**.

Автомобиль жолдарын күрделі, орташа және ағымды жөндеуге **3 686,0 млн.теңге**.

13 «Басқалар» функционалдық тобы бойынша 3 млрд. 887,2 млн.теңге бөлінді, немесе 100,0%.

Кәсіпкерлік басқармасы бойынша **2 036,2 млн. теңге**, соның ішінде:

«БЖК-2020» бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасы бойынша 2017 жылы **1 млрд. 087,8 млн.теңге бөлінді**, осы қаражаттар шеңберінде облыстың ӨҮК кәсіпкер субъектілердің 323 өтінімдерін мақұлдады.

Шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында 15 бизнес субъектілеріне **19,0 млн.тенгеге** гранттар берілді.

Индустриялық инфрақұрылымның 15 жобаларын дамытуға жалпы сомасы **575,6 млн.теңге** қаражаттар қаралды.

Екінші бағытты іске асыру үшін **564,3 млн.тенге қаралды**, соның ішінде:

- қалаларда микрокредиттеу – **545,1 млн.теңге**;

- қалаларда микрокредиттеуге кепілдік беру – **19,2 млн.теңге**.

«Моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру» бағдарламасы бойынша **157,5 млн.теңге** қаралды, қаражаттар 15 микрокредиттер беруге бағытталды.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге бюджеттік кредит беру» бағдарламасы бойынша **387,6 млн.теңге** бөлініп, Ақтөбе қ. кәсіпкерлеріне 27 микрокредиттер берілді.

Бағдарлама шеңберінде микрокредиттер бойынша ішінара кепілдік беруге 31 микрокредитке **19,2 млн. теңге** қаралды, ал нақты Ақтөбе қ. кәсіпкерлерінің 9 микрокредиттеріне кепілдік берілді.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде бизнес-инкубатор құруға және дамытуға **6,7 млн. теңге** қаралды.

**Қаржы басқармасының
басшысы**

Г.Суентаева